

Бюджет қаржысының нысаналы пайдаланылуына тексеру жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1994 жылғы 29 желтоқсан N 529-ө

1. Мемлекеттік кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан олардың негізгі қызметімен байланысы жоқ мақсаттарға қаражат алу фактілерінің жиілеуіне байланысты банктік емес мекемелер мен траст компанияларға депозитке бюджет қаржысы мен ақша қаражатын аударуға тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті 1995 жыл ішінде бюджет қаржысының нысаналы пайдаланылуына тексеру жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Бас прокуратурамен бірлесе отырып осындай тәртіп бұзушылықтардың анықталған фактілері бойынша лауазымды адамдарды қылмыстық жауапқа тартуға дейін шара қолдансын.

Премьер-министр